

Мәдениет саласындағы мемлекеттік стипендияны беру қағидаларын белгілеу туралы

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің м.а. 2023 жылғы 10 тамыздағы № 221 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 21 тамызда № 33311 болып тіркелді.

"Мәдениет туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабының 1-3) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Мәдениет саласындағы мемлекеттік стипендияны беру қағидалары белгіленсін.

2. Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Мәдениет комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық қолданысқа енгізілгеннен кейін үш жұмыс күні ішінде оны Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы тармақта көзделген іс-шаралар орындалғаннан кейін үш жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Заң қызметі департаментіне іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы
Мәдениет және спорт Министрінің
міндетін атқарушы*

С. Құранбек

Қазақстан Республикасы
Мәдениет және спорт
Министрінің міндетін атқарушы
2023 жылғы 10 тамыздағы
№ 221 бұйрығына
қосымша

Мәдениет саласындағы мемлекеттік стипендияны беру қағидалары

1 – тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Мәдениет саласындағы мемлекеттік стипендияны беру қағидалары (бұдан әрі – Қағида) Қазақстан Республикасының "Мәдениет туралы" Заңының (бұдан әрі –

Заң) 7-бабының 1-3) тармақшасына сәйкес әзірленді және мәдениет саласындағы мемлекеттік стипендияны беру тәртібін айқындайды.

2. Мәдениет саласындағы мемлекеттік стипендия (бұдан әрі – мемлекеттік стипендия) Қазақстан Республикасының құрметті атақтары мен мемлекеттік наградаларына ие болған шығармашыл қызметкерлерді және мәдениет қызметкерлерін, сондай-ақ аса дарынды жас шығармашыл қызметкерлерді мемлекеттік қолдау мақсатында беріледі.

2 – тарау. Мәдениет саласындағы мемлекеттік стипендияны беру тәртібі

3. Мемлекеттік стипендия жыл сайын мәдениет саласындағы уәкілетті органмен (бұдан әрі – уәкілетті орган) Заңның 7 бабы 21) тармақшасына сәйкес құрылған, мәдениет мәселелері бойынша тұрақты жұмыс істейтін комиссия (бұдан әрі – комиссия) шешімінің негізінде, Қазақстан Республикасы Үкіметінің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Президентімен беріледі.

4. Мемлекеттік стипендия алуға:

1) Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалары, халық жазушысы, халық әртісі, халық суретшісі, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері құрметті атақтары бар немесе әдебиет және өнер саласындағы мемлекеттік сыйлықтың, халықаралық және республикалық конкурстардың, фестивальдер мен көрмелердің лауреаттары болып табылатын;

2) Қазақстан мәдениетін дамыту үшін шығармашылық әлеуеті бар Қазақстан Республикасының азаматтары үміткер болады.

Ескерту. 4-тармақтың 1) тармақшасында орыс тіліндегі мәтіні өзгереді, қазақ тілінде мәтіні өзгермейді - ҚР Мәдениет және ақпарат министрінің м.а. 17.03.2025 № 97 -НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. Мемлекеттік стипендияны алуға ұсынылатын құжаттарды қабылдау туралы хабарландыру құжаттарды қабылдау мерзімі басталардан бұрын екі айдан кешіктірмей комиссиямен уәкілетті органның интернет-ресурсында орналастырылады.

6. Шығармашылық одақтар мен мәдениет ұйымдары уәкілетті органға ағымдағы жылғы бірінші тамызға дейін қағаз немесе электронды түрде мынадай құжаттарды жібереді:

1) мемлекеттік стипендия алушыға берілген қолдаухат;

2) мемлекеттік стипендия алушыға шығармашылық мінездеме.

Мемлекеттік стипендия алушыға келіп түскен құжаттарды уәкілетті орган бір күн мерзімде қабылдайды және тіркеп, комиссияның қарауына ұсынады.

7. Комиссия отырысы ағымдағы жылғы жиырмамыншы тамыздан кешіктірілмей өткізіледі.

8. Комиссияның мемлекеттік стипендияны беруге кандидатураны бекіту туралы шешімі комиссия отырысында қарапайым көпшілік дауыспен ашық дауыс берумен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда төраға дауыс берген шешім қабылданды деп есептеледі.

Егер комиссия мүшелерінің үштен екісінен астамы қатысса, отырыс заңды деп есептеледі.

9. Комиссия шешімі хаттамамен (бұдан әрі – хаттама) ресімделеді және оған қатысып отырған Комиссия мүшелері қол қояды.

10. Уәкілетті орган тиісті жылға мемлекеттік стипендияны беру туралы Қазақстан Республикасының Президенті актісінің жобасын хаттама көшірмесімен қоса, Қазақстан Республикасының Үкіметіне ағымдағы жылғы жиырманшы қыркүйектен кешіктірмей енгізеді.